


**2023 жылдың желтоқсан айындағы
іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Желтоқсан айында іскерлік белсенділік индексі 49,0-ден 48,7-ге дейін төмендеді.

Индекстің динамикасына тау-кен өнеркәсібі мен қызмет көрсету секторындағы көрсеткіштің төмендеуі әсер етті. Бұл секторларда барлық құрауыштың төмендегені байқалды. Тиісінше, индекстер **46,8** және **47,8** (қарашада – 47,2 және 48,4) болды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде, әсіресе, жаңа тапсырыстар көлемі азайды.

Іскерлік белсенділік өндіріс пен құрылыста жақсарғанын байқап отырмыз. Мұнда көрсеткіштер тиісінше **51,8** (қарашада – 51,4) және **50,2** (қарашада – 50,3) болды. Құрылыс пен өндірісте жеткізілім мерзімінен басқа барлық құрауыштар жақсарды.



Қазіргі және болашақ бизнес жағдайларды бағалау көрсеткіші айтарлықтай өзгерген жоқ. **Қазіргі және болашақ** бизнес жағдайлардың орташа бағалауын білдіретін **бизнес-ахуал индексі 7,7** болды (2023 жылғы қарашада – 7,0).

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>